

КЕЛІСІЛДІ

Колледж әдіскері

Г.О. Жакупбекова - Г.О. Жакупбекова

« _____ » _____ 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ

Аға шебер

К.О. Дауталинов - К.О. Дауталинов

« _____ » _____ 2024 ж.

БЕКІТЕМІН

Колледж директорының

ӨОЖ орынбасары

Т.Е. Долаев - Т.Е. Долаев

« _____ » _____ 2024



САБАҚТАН ТЫС ІС ШАРА ЖОСПАРЫ

Тақырыбы: «Creativ and critical thinking» интеллектуалды ойыны

Оқытушы: Күлбеков Дәурен Арстанбекұлы
Мұқанджан Ержан Бақытұлы

Талдықорған қ, 2024 жыл

Колледжіміздің студенттері арасында
«Creative and critical thinking» интеллектуалды ойынын өткізудің
сценарийі

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен білім алушылар! Бүгінгі Creative and critical thinking (Шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау) тақырыбындағы интеллектуалды ойынына қош келдіңіздер!

Интеллектуалды ойымыздың мақсаты: Білім алушылардың ой - өрісін кеңейту, білімге деген құштарлыққа, ізденімпаздыққа, танымдық ойын арқылы жетелеу, білімдерін, қаншалықты білетіндіктерін тексеру. Өз ойын тез тұжырымдай білуге, жылдам, дұрыс шешім қабылдай білуге баулу.

Интеллектуалды ойымызға 4 мамандықтан, 4 топ қатысады. Білім алушыларды ортаға шақырайық!

1-топ «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының білім алушылары;

2-топ «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) » мамандығының білім алушылары;

3-топ «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығының білім алушылары;

4-топ «Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесарі» мамандығының білім алушылары.

Осы топтардан өзара келісіп топ басшысын сайлап алайық. Ортаға топ басшылары келіп команда атауын таңдап алыңыздар.

Ойынға қатысатын командалар:

- 1.«Жасампаздар» командасы
- 2.«Ойшылдар» командасы
- 3.«Стратегтер» командасы
4. «Зерттеушілер» командасы

Жүргізуші: Сіздердің білім-білік дағдыларыңызды іс жүзінде сарапқа салатын әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар:

Қазылар алқасының мүшелері:

1. Дауталинов Канатбек Омирзакович
2. Ерназарова Жанар Ерназаровна
3. Досжанова Лаура Жарылгасовна

Жүргізуші: Ойын барысымен таныстырып өтейін. Ойын 4 кезеңнен тұрады.

I кезең – LOGICA.

II кезең - ОйLAN.

III кезең – PRACTICE

IV кезең – Сөз өрнек

Жүргізуші: Қатысушы командаларға сәттілік тілей отырып ойынымыздың I кезеңін бастайық.

I кезең ережесі:

Логикалық сұрақтарға жауап беру. Кезең 8 сұрақтан тұрады. Ойыншыларға жауап парағы таратылады, ойын соңында жауап парағын қазылар алқасына өткізу керек. Ойыншыларға әр сұраққа жауап беруге 1 минут уақыт беріледі. Егер команда қойылған сұраққа жауап бере алмаса 0 ұпай, жауап берсе 5 ұпай беріледі.

II кезең ережесі:

Бұл кезең 16 сұрақтан тұрады. Әр топ ұяшық таңдау арқылы сұраққа жауап береді. Ойыншыларға әр сұраққа жауап беруге 1 минут уақыт беріледі. Егер команда

қойылған сұраққа жауап бере алмаса 0 ұпай, жауап берсе 5 ұпай беріледі. Бұл топ жауап бере алмаған жағдайда, басқа топқа мүмкіндік беріледі.

III кезең ережесі:

Топтық жұмыс. Ең биік мұнара тұрғызу қажет. Әр топқа стакандар мен қағаз беріледі, резеңкенің көмегімен қол тигізбей ең биік мұнара құрастыру. Тапсырмаға 3 минут уақыт беріледі. Ең биік мұнара құраған командаға 20 ұпай, II- командаға 15 ұпай, III- командаға 10 ұпай, IV-командаға 5 ұпай беріледі.

IV кезең ережесі:

Әр топтың капитандары ортаға шақырылады. Дөңгелекті айналдыру әдісі арқылы жауап беру кезегі анықталады. Әр топ капитаны экранға шығарылған сөздер арқылы қызықты әңгіме құрастырады. Әңгімені тақырыпқа сай құрастыра білген капитанға 20 ұпай, II- капитанға 15 ұпай, III- капитанға 10 ұпай, IV- 5 ұпай беріледі.

Қорытынды

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен білімалушылар! Міне, ғылыми білімдерді насихаттау және қызығушылығын дамыту, дарынды жастарды анықтау мақсатында өткен интеллектуалды ойынымыз өз мәресіне жетті. Бүгінгі білім сайысында әр қайсыңыздың білім деңгейлеріңіз таразыланып, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады» дегендей, жүлдегер команда анықталды.

Сөз кезегі жеңімпаз команданы марапаттау үшін әділқазы алқасына беріледі.

Барлық жеңімпаздарды құттықтаймыз!

1 кезең жауаптары:

1-сұрақтың жауабы: Ақ аю арктикада, пингвин антарктидада өмір сүреді.

2-сұрақтың жауабы: 2000 теңге кітаптың ішінде болған.

3-сұрақтың жауабы: Тіл-тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

4-сұрақтың жауабы: Әріп

5-сұрақтың жауабы: Мұз кезінде

6-сұрақтың жауабы: Тоңазытқышты

7-сұрақтың жауабы: Бала тілі- бал

8-сұрақтың жауабы: Ерке сылқым

2 кезең жауаптары:

Сұрақ: Қандай сұраққа ешқашан "Иә" деп жауап бере алмайсың?

Жауабы: Ұйықтап жатырсың ба?

Сұрақ: Ақмола облысының орталығы қай қала?

Жауабы: Көкшетау қаласы

Сұрақ: Қазақстандағы ең ұзын өзен?

Жауабы: Ертіс өзені

Сұрақ: Австралия астанасы

Жауабы: Канберра

Сұрақ: Халық саны бойынша екінші орын алатын мемлекет ?

Жауабы: Қытай

Сұрақ: Бір бөлмеде 4 бұрыш бар. Әр бұрышта бір мысық отыр. Әр мысықтың алдында 3 мысық бар. Бөлмеде қанша мысық бар?

Жауабы: 4

Сұрақ: Тауық 2 аяғымен тұрса 3 кг, егер 1 аяқпен тұрса неше кг?

Жауабы: 3 кг

Сұрақ: 

Жауабы: Египет

Сұрақ: Әлемде ең көп тараған тіл

Жауабы: Қытай тілі

Сұрақ: 

Жауабы: Ұлыбритания

Сұрақ: Қазақстан неше мемлекетпен шектеседі?

Жауабы: 5 мемлекетпен (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғыстан, Түркменстан)

Сұрақ: 

Жауабы: Біріккен араб әмірлігі

Сұрақ: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қашан алды?

Жауабы: 1991 жылы 16 желтоқсан

Сұрақ: Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған мемлекет қайсысы?

Жауабы: Түркия

Сұрақ: Елорданы Астанаға көшіру туралы шешім қай жылы қабылданды?

Жауабы: 1997 жылы



Сұрақ:

Жауабы: Қайрат Рұсқұлбеков, Ляззат Асанова

«Creativ and critical» интеллектуалды ойынының

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№	Топ атауы Кезеңдер	1-кезең (Әр дұрыс жауап 5 ұпай)	2-кезең (Әр дұрыс жауап 5 ұпай)	3-кезең (ең жоғары ұпай-20 15,10,5)	4-кезең (20,15,10,5 ұпайларымен бағаланады)	Барлығы
1	Жасампаздар					
2	Ойшылдар					
3	Стратегтер					
4	Зерттеушілер					

Қазылар алқасының мүшесі: